

**Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету жөніндегі отырысының 2024 жылғы "17" маусымдағы**

**№1 хаттамасы**

«Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Жібек Жолы ауылының мектеп-лицейі» КММ

Өткізілген уақыт: 17.06.2024 ж.

Алқалы басқару органының құрамы:

1. Иманбалинова Д.Т.- мектеп директоры, комиссия төрайымы;
2. Хакимжанова К.Х.- ДОІЖО, комиссия төрайымының орынбасары;
3. Абайдильдинова С.А. – «Жібек Жолы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы, комиссия мүшесі;
4. Шаймарданова Ж.М - ата – аналар комитетінің төрайымы, комиссия мүшесі;
5. Каршигина А.Т- ДТІЖО, комиссия мүшесі;
6. Базылканова Ж.Б. - әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;
7. Гайнулина Ы.Х. – ата-ана, комиссия мүшесі.

Қазымова Ж.С. - хатшы.

Күн тәртібінде:

I.«Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөріс төмен отбасыларынан шыққан білім алушыларға қаржылай жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы қаңтарындағы № 64 қаулысына енгізілген өзгерістерді талқылау.

II. «Көп балалы және аз қамтылған отбасы ата-аналары мектеп формасы мен кеңсе тауарларына қажетті құжаттарды жинақтау» бойынша құжат тапсырған отбасыларының құжаттарын тексеру ,ережеге сай құжаттар бойынша мұқтаж отбасылар тізімін анықтау.

I.Тыңдалды:








Комиссия төрайымы, мектеп директоры- Иманбалинова Д.Т. күн тәртібіндегі мәселелер бойынша «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөріс төмен отбасыларынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек» көрсетуге болатын отбасыларының тапсырған құжаттарын қарап шығып, осы көмекке сай келіп тұрған отбасыларды анықтау керектігін айтып өтті. Құрылған комиссия мүшелері, барлық құжаттарды қарап, кіріс мөлшерін есептеп,лайықты отбасылардың тізімін жасады. Ақмола облысы бойынша халықтың орташа жан басына шаққанда күнкөріс мөлшері – 47 338


теңгеден аспауы қажет. АСП алатын отбасылар бұл қаржылай көмекті алу үшін тізімге бірден енгізілетіні ескерілді.

## II. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік-педагог Базылканова Ж.Б. жинақтаған құжаттарды комиссия мүшелері қарап шығып кемшілігін атап, отбасы мүшелерінің жан басына есептегенде күн көріс деңгейі- 47 338 теңге мөлшеріне жетпейтін отбасыларын анықтап, нақты тізімді шығару керектігін атап өтті. Комиссия мүшелерінің нақты есептеуі бойынша жалпы 15 отбасыға тізім жасалынды. 15 отбасының, оның ішінде 32 оқушының тапсырған құжаттары өтті. 24 оқушы көпбалалы отбасыдан, 5 оқушы азқамтылған отбасыдан, 3 оқушы АСП алатын отбасы қатарынан болды.

Қаулы: Аршалы аудандық білім бөлімінен 1 280 000 ( бір миллион екі жүз сексен мың) теңге жасалған тізім бойынша 32 балаға бөлгенде 40 000 (қырық мың) теңгеден ата-аналарының есеп шоттарына аударылсын.

1. Иманбалинова Д.Т.- 
2. Хақимжанова К.Х.- 
3. Абайдильдинова С.А. - 
4. Шаймарданова Ж.М. - 
5. Каршигина А.Т. - 
6. Базылканова Ж.Б. - 
7. Гайнулина Ы.Х. - 

Хатшы:  Қазымова Ж.С.